«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Қасымбек Әлия Орынбасарқызының «Қазақстан Республикасының Парламентінің құқық үстемдігін қамтамасыз етудегі және күшті мемлекетті қалыптастырудағы рөлі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысқа ғылыми кеңесшінің

П І К І Р І

Қасымбек Әлия Орынбасарқызының диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстанда Парламенттің құқықтық мәртебесін жетілдірудің және оның құқық үстемдігін қамтамасыз етудегі рөлін арттырудың өзекті мәселелеріне арналған.

Ә.О. Қасымбектің диссертациясының өзектілігі теориялық та, практикалық жағынан да еш күмән тудырмайды. Ол құқық үстемдігінің, заң үстемдігінің негізгі категориялары мен ұғымдарын және олардың парламентаризм институтының пайда болуымен және дамуымен және оны жүзеге асыру формаларымен тығыз байланысын анықтау үшін мемлекет және құқық теориясы, конституциялық құқық туралы отандық және шет елдік әдебиеттердің үлкен көлемін зерделей отырып зерттеген.

«Қазақстан-2050» Стратегиясында белгіленген жаңа мақсаттар, қазақстандық қоғамның алдына конституциялық процестерді әрі қарай жаңғыртуға және Парламенттің конституциялық-құқықтық саясатты қалыптастырудағы, халық өкілдігін қамтамасыз етудің аса маңызды құралы ретінде құқық үстемдігін және парламентаризмнің ары қарай дамуын қамтамасыз етудегі рөлін күшейтуге бағытталған бірқатар міндеттерді қойды

Құқық үстемдігі қағидасын конституционализмнің идеяларын іске асырудың шарты ретінде тану мемлекеттің және қоғамның алдына жаңа міндеттерді қояды, олар заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етілмесе, сондай-ақ биліктің заң шығарушы тармағы жандандырылмаса, аталған міндеттерді сәтті шешу қиынға соғады.

Билікті бөлу механизміндегі Парламенттің рөлін біртіндеп арттыру, Қазақстандағы парламентаризмнің дамуына тән белгі. Саяси-құқықтық жүйеде болған сапалы эволюциялық өзгерістер биліктің заң шығарушы тармағының рөлін арттыру және мемлекет механизміндегі атқарушы билікті шектеу қажеттілігін алға тартты.

Парламенттің рөлін күшейту оның мемлекет механизміндегі рөліне оң әсерін тигізеді, парламенттің тұрақты комитеттері мен комиссияларының жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған парламенттік рәсімдерді жетілдіруге мүмкіндік береді.

Конституциялық реформалардың міндеттерінің бірі қазіргі конституционализм идеяларын іске асыруда және күшті құқықтық мемлекет құруда билікті және оның функционалдық мақсатын бөлу механизміндегі Парламенттің рөлін арттыру болды.

Ә.О. Қасымбектің диссертациясы дәл осы құқық үстемдігін қамтамасыз ету мен күшті құқықтық мемлекетті құрудағы Парламенттің рөліне арналған.

Докторант өз зерттеуінде диссертация тақырыбының өзектілігін толық негіздей білген; оның ғылыми зеорттелу дәрежесіне талдау жасаған; зерттеудің мақсатын, міндеттерін және әдіснамалық негіздерін анықтаған.

Зерттеу жұмысы кіріспе, үш тарау, қорытынды және қосымшалардан тұрады. Әрбір тарау тармақтарға бөлінген.

Автор қойылған мақсатқа сәйкес диссертациялық зерттеудің бірінші таруында құқық үстемдігі доктринасының теориялық-құқықтық және аксиологиялық аспектілері анықтаған, оның генезисі мен заң үстемдігі доктринасымен байланысы көрсетілген; олардың құқықтық мемлекет идеяларын конституцияландырудағы, қоғамдық мүдделерді қамтамасыз етудегі және күшті құқықтық мемлекет құрудағы рөлін қажетті дәйектермен орынды негіздей білген.

Оның барлық пайымдаулары мен тұжырымдары Қазақстандағы 2017 және 2022 жылдардағы конституциялық реформалармен тығыз байланыста және бұл ретте ол Қазақстанның саяси тәжірибесімен шектелмей, салыстырмалы-құқықтық әдісті қолдана отырып, ТМД-ға ұқсас елдер мен Еуропа елдерінің саяси өмірінің тиімді сәттерін Қазақстанда қолданылу мүмкіндігі тұрғысынан талдайды. Ол парламентаризмді дамытуға ықпал ететін Қазақстанның саяси өміріне қатысты барлық заңдар мен заңға тәуелді актілерді егжей-тегжейлі зерттеп, пайдаланған. Жұмыста парламентаризмді қайта құрудың алдағы мүмкіндіктері туралы ұсыныстар айтылған және бұл туралы автор диссертация мазмұнының екінші және үшінші тарауларында баяндаған.

Қасымбек Әлия Орынбасарқызы 2017-2020 жылдар аралығында Каспий университетінде «6D030100 — Құқықтану» мамандығы бойынша докторантурада оқыды. Жиырма төрт жылдан бері жоғары оқу орындарында оқытушылық қызмет атқарып келеді. Құқықтану саласының өзекті мәселелеріне арналған 50-ге жуық еңбектері бар, оның ішінде екі оқу құралы, скопус, web of science базасында мақалалары жарияланған. Scopus базасы бойынша Хирш индексі – 2. «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша докторантураның оқу-жоспарына сәйкес, 2018 жылы Қытайдың мемлекеттік рейтингі бойынша үздік жиырмаға кіретін университеттердің бірі Сиань қаласындағы Xi'an Jiaotong University ғылыми тағлымдамадан өтті. ҚХР, Сиань.

Сонымен қатар, диссертант 2022 жылы «Болашақ» Халықаралық бағдарламамалар орталығының «500-Ғалым» жобасы бойынша Ұлыбританияның Бат қаласындағы University of Bath негізінде 10 айлық ғылыми тағлымдамадан да өтті. Осы ғылыми тағлымдамалар аясында алған дағдыларын автордың зерттеуді жүргізу барысында жақсы пайдалана білгендігін диссертация мазмұнынан көруге болады.

Зерттеуді жүргізу барысында докторант қол жеткізген нәтижелерді, Қазақстан Республикасы Ғылым және білім Министрінің 2011 жылдың 13 мамырындағы №6951 бұйрығымен бекітілген ғылыми дәрежелерді бекіту Қағидаларының талаптарына толықтай сәйкес келеді деп бағалауға болады. Докторанттың зерттеу нәтижесінде қол жеткізген нәтижелерінің әрбірінің

дәйектілігі мол ғылыми қайнар көздерді жан-жақты зерттеуге негізделген. Ғылыми ізденіс барысында автордың қол жеткізген нәтижелерінің дәйектілігі ешбір күмән туғызбайды. Зерттеу жұмысын жүргізу кезінде автор зерттеу тәсілдерін ұтымды қолдана білген.

Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген ғылыми қорытындылар мен ұсыныстар мемлекеттік бағдарламалар мен құқықтық даму тұжырымдамаларын әзірлеу кезінде, мемлекеттік биліктің жоғары органдары қызметінің тәжірибесінде, заң жобалау жұмыстарының жоспарларын жетілдіру кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасында конституциялық және парламенттік құқық бойынша жаңа арнайы оқу курстарын әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін

Зерттеудің өзі және оның нәтижелері айтарлықтай жаңалықпен ерекшеленеді.

Қорытындылар негізделген.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Ә.О. Қасымбектің «Қазақстан Республикасының Парламентінің құқық үстемдігін қамтамасыз етудегі және күшті мемлекетті қалыптастырудағы рөлі» тақырыбындағы диссертациясы докторлық (PhD) диссертацияларға қойылатын барлық негізгі талаптарға сәйкес келеді және диссертациялық кеңеске қорғауға ұсынуға лайық деп санаймын.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
заң ғылымдарының кандидаты, **Б.Ж.Куандыков**

«18» 12 2023 ж.

Қолын растаймын
Подпись заверяю

ӘЛ-ФАРАБИ
БИН 990140001154